

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

Тақырыбы:

Жыраулар поэзиясындағы көнерген сөздер

Авторы: Дүйсенбекұлы Амир

6-сынып

Жетекші мұғалімі: М.Сугурбаева
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

2023-2024 жж

Тақырыбы:

Жыраулар поэзиясындағы көнерген сөздер

**Бағыты: Қазақстан тарихи ескерткіштері және
болашақ дамуы бар саяхат маршруттары**

Секция: Әдебиет

Ғылыми жетекшісі:

Авторы: Дүйсенбекұлы Амир

**Жетекші мұғалімі: М.Сугурбаева
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Абстракт (Аннотация)

Тақырыпты зерттеудің мақсаты: Жыраулар поэзиясындағы көнерген сөздерді зерттеп, жыраулардың шығармаларында кездесетін байырғы көнерген сөздердің мән – мағынасын ашу. Жыраулар поэзиясының әдебиетте алатын орны ерекше екендігін болашақ ұрпаққа мәлім ету.

Тақырыпты зерттеудің маңызы: Жыраулар поэзиясының зерттеудегі келешек ұрпаққа берер үлгі өнегесінің пайдасы мол. Жүрекке жылу ұлататын. Батырлық пен адамгершілікті арттыратын шығармалар төңірегіндегі қалам тартқан акын – жыраулардың туындыларын оқырман қауымға таныту басты міндет болып табылады.

Тақырыпты зерттеу жұмысының жаңалығы: қазақ жыраулар поэзиясындағы майталман жыраулардың шығармаларында кездесетін сөздері зерттеліп отыр. Зерттеу барысында жырларда кездесетін көнерген сөздердің мән – мағынасы ашылды.

Абстракт

Цель исследования: Исследование и раскрытие смысла устаревших терминов в поэзии жырауов. Передать будущему поколению занимаемое особое место поэзии жырауов в литературе.

Важность исследования: Особое значение имеет для будущего поколения поэзии жырауов как пример для подражания. Главным делом является донести до сердца читателя, доброту, героизм и человечность, которые содержатся в произведениях поэтов, писателей и жырауов.

Ход исследования: Исследованная работа состоит из выступления. Основной части и заключения. Были систематизированы и исследованы устаревшие термины жырауов, которые охватывают тему и распечатаны во многих издательствах.

Новшество исследования: Исследуются термины, которые встречаются в произведениях известных жырауов. В ходе исследований были раскрыты значения устаревших терминов, которые содержатся в произведениях жырауов.

Abstract

The purpose of the study: Study and opening the sense outdated term in poetries Jirau. Send the future generation occupied special place of poetries Jirau in literature.

Importance of the study: Special importance has for future generation of the poetries Jirau as example for imitation. The Mainis before heart of the reader kindness, heroism and humanity, which contains in product poet, writers and Jirau.

The Move of the study: Explored work consists of entering, the main part and conclusions. There were systems and explored outdated terms Jirau, which cover the subjects in many publishers.

The Innovation of the study: are Researched terms, which meet in product known Jirau. In the course of studies were reveal, open importance outdated term, which contains in product Jirau.

Жетекші мұғалімнің пікірі

Дүйсенбекұлы Амир – әдебиет пәніне қызығушылығы ерекше оқушылардың бірі. Бұл тақырыппен жұмыс жасау барысында ол өзінің шығармашылық ойлау деңгейінің биік екендігін көрсете білді. Талмай еңбектенуі іскерлік машығының шыңдалуына, әдебиет пәніне деген қызығушылығының артуына, шығармашылық ойлау деңгейінің көтерілуіне ықпал етті. XV-XIX ғасырда өмір кешкен жыраулар поэзиясындағы көне сөздердің шығу төркінін анықтау, кірме сөздерді ажырату, сөз мағыналарын ашып көрсету арқылы ол өзінің сөздік қорын молайтып қана қоймай, теориялық білімін практикамен ұштастырды.

Жыраулар поэзиясында халық даналығы, терең философия, ой жатыр. Сондықтан ойлы шәкірт қоғамда өз ойын ойып алары анық. Әдебиетті оқу арқылы бала шәкірт үлкен өмірде өз бетімен өмір сүруге үйренеді деп ойлаймын.

Мазмұны

Кіріспе.

Негізгі бөлім:

1.Көнерген сөздер - дәуір сөзі.

- 1.1.Архаизмдер, олардың бүгінгі ұғымы.
- 1.2.Историзмдер, олардың бүгінгі ұғымы.
- 1.3.Араб-парсы тілдерінен ауысқан историзмдік сөздер.
- 1.4.Орыс тілі арқылы кірме историзмдер.

II.Жыраулар поэзиясы – қазақ әдебиеті тарихының негізгі арнасы.

- 2.1.Жыраулар поэзиясындағы (Ақтамберді, Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Үмбетей, Шалкиіз) көнерген сөздердің мағыналары.

Қорытынды.

Кіріспе

Қай халықтың тілі болса да, яғни лексикасы өндіріспен тікелей байланысты. Өндіріс процессінде жаңа сөздер пайда болады. Сөз дегеніміз – белгілі бір заттың, құбылыстың, оқиғаның, түр-түстің, қимылдың тағы басқа да ұғымының атауы.

Сөз жеке нарсені аңғартады, сонымен бірге оның әрқашан жалпылама мәні болады. Мысалы: өзен, теңіз деген сөздердің әрқайсысы бір ғана затқа тағылған ат емес, осы категорияға жататын бір тектес нәрселердің барлығына айтылатын жалпылама атау. Өзен деген сөз бір ғана өзенді атап қоймайды, жалпы өзен атаулының атауы. Қоғамның даму барысында тілді өмірге қажетсіз кейбір ұғымдарға байланысты сөздер ескіріп, көнеріп, тілдің сөздік құрамынан шығып қалып жатады. Ал керісінше, қоғам өмірі қажет еткен жаңа ұғымдарға, жаңадан танылған заттар атауына байланысты жаңа сөздер, жаңа тіркестері тіліміздің құрамын байытып, толықтырып отырады. Осыған байланысты, тіліміздің сөздік құрамына енетін сөздердің архизм және неологизм топтары бар. Мұны қарастыратын тіл білімінің саласы – лексика. Лексика – тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Лексиканы оқудың білімдік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгерумен қатар, тілдің ең кіші бөлшегі – сөздің фонетикасымен, морфологиясымен, синтаксис және стилистикамен қалыптасуына мүмкіндік жсайды.

Алайда ана тілінде сөйлей білген адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр сырын, сыр – сыйпатын толық біле береді деуге болмайды. Біз сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылуы, жазылу формасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлілігін түсінуге дағды аламыз. Біз лексиканы меңгеруде мына үш мәселеге айрықша мән беруіміз керек.

1.Сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары (тура мағына, ауыспалы мағына, көп мағыналық) синоним, омоним, антоним сөздер жатады.

2.Әр түрлі қолдану аясы жалпылама қолданылатын сөздер, сондай-ақ белгілі жағдайда қолданылатын сөздер (терминдер, диалект сөздер, көнерген сөздер мен неологизмдер)

3.Шығу төркініне қарай: қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздер.

Лексиканы оқуда негізінен төрт принципке сүйенеміз. Олар мыналар: сөз мағынасын шындықпен (зат,сын – сапа, сын – қимыл) салыстыру, лексикалық мағына мен

грамматикалық мағынаны салыстыру, семантикалық мағыналық принцип, диохроникалық принцип.

Диохроникалық принцип – тіліміздегі сөз байлығының пайда болу, жасалуы, қалыптасу тарихын халық өмірімен салыстыра түсіндіруге негізделген, ол басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен неологизмдер, кәсіби сөздер туралы ұғымдарды түсіндіру, ұқтыру, меңгерту барысында қолданылады.

Диохроникалық принцип – сөздің тарихын, шығу тегін, не пайда болу себебін ашып түсіндіру жолымен лексикалық мағынаны анықтау. Мысалы: орыс тілінен енген машина, трактор, комбайн, колхоз сияқты сөздердің тілімізге енуінің себебі қазақ халқының тарихымен байланысты. Көнерген сөздерді, неологизмдерді де халық тарихымен салыстырып, би, хан, уәзір сияқты сөздерді қазір халық неге қолданбайды, не үшін спутник, компьютер, валюта деген сөздер пайда болды деген сұрақтар төңірегінде пікірталас жүргіземіз. Осылай салыстыра түсіну арқылы басқа тілден сөз ену кей сөздің көшіріп, кей сөздердің тілімізде жаңадан пайда болып жатуы қазақ халқының тарихындағы өзгерістер, даму жолына байланысты екенін аңғарамыз.

1. Көнерген сөздер – дәуір тілі

1.1. Архаизмдер, олардың бүгінгі ұғымы.

Көнерген сөздер екіге бөлінеді архаизмдер, историзмдер. Кейбір сөздердің белгілейтін заттары мен құбылыстары біржола жағалып кетпеген, бірақ олар қазіргі кезде басқа сөздермен аталып кеткен. Мұндай заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары архизмдер болады.

Тіліміздің сөздік құрамына кейбір сөздердің көнеріп шығып қалуы, ал кейбір жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздердің туып отыруы – халқымыздың басынан кешірген өмірі мен мәдениеті шаруашылығының айғағы деуге болады. Қазір тілімізде историзм, архаизм сөздер өткен өмірдің шындығын, тұрмыс – жағдайын, әдет – ғұрып, шарушылығын тағы басқа жайларын көрсетіп суреттеу үшін көркем әдебиетте, тарихи шығармаларда қолданылады. Көнерген сөздердің бәрі де ескі заман жайын, көне әдет-ғұрып, ескі қоғамның өмірінен хабар беру үшін қолданылған.

1.2. Историзмдер, олардың бүгінгі ұғымы.

Кейбір сөздер өздері белгілейтін заттар мен құбылыстардың ескіріп жоғалуымен байланысты көнереді де. Сөздердің пассивті тобына айналады, не мүлдем қолданудан қалады. Мұндай сөздер историзмдер деп аталды. Мысалы: шабарман, баксы, садақ, қорамсақ тағы басқа историзм сөздердің қатарына қолданудан шығып қалған сөздер ғана емес, қысқа мерзім ішінде тарихи өзгерістерге байланысты жаңа сөз болып, кейін қолданудан шығып қалып отырған сөздер де жатады. Мысалы: Совет Одағы, Компартия, т.б.

1.3. Араб – парсы тілдерінен ауысқан историзмдік сөздер.

Халықтардың әр түрлі себептермен бір – бірімен үнемі араласып келгені баршаға мәлім. Мұның өзі оларды тіл байлығын арттыра түсуге үлкен әсер етіп отырады. Бұған қазақ тілі куә. Демек, «таза тіл» деген жоқ. Қазақтың ескі дәуірінде оның тіліне, әсіресе әсерін тигізген араб пен парсы тілдері деуге болады. Бұл – заңды қорытынды. Олай дейтініміз, алдымен көршілес отырған мәдениетті елдер бір жағынан Орта Азияға, екінші жағынан татар және башқұрт тілдеріне, олардан қазақ тіліне әсерін тигізеді. Орта ғасырлардағы шығыс ойшылдары мен ақындары, ғылымдары мен саяхатшылары араб әліпбиімен дүниежүзілік маңызы бар қаншама құнды шығармалар жазды. Олардың ішінде әлемге әйгілі Әбу Насыр Әл – Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари тағы басқалары

бар. Біздің қазақ халқы араб әліпбиін пайдаланады және қазақ халқы ақындары да оны кілең жырларында қосып отырған. Тілімізде ерте кезден әбден сіңісіп, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына толық бағынып қалыптасып кеткен араб сөздері де кездесіп қалады. Мысалы: мемлекет, мұғалім, қалам, кітап, дәптер.

1.3. Орыс тілі арқылы кірме историзмдер.

Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы екі ел арасындағы, экономикалық, саяси және мәдени қарым-қатынастар қазақ мен оның ұлттық тілінің дамып жетілуіне өзінің әсерін тигізді. Орыс және түркі халықтарының арасындағы ежелгі қарым-қатынастар өзіндік себептері болды. Мұның бәрі бұл екі халықтың да бір-бірінің тілін білуді талап етті. Киев-Русі кезінде көршілес халықтар арасындағы осы қарым-қатынастар нығая түсті. Бұл кезеңде орыстар, әсіресе оғыз және қыпшақ тайпаларымен мейлінше жақын қатынаста болды. Орыс тіліне ертеден енген көне түркі сөздері бірте-бірте сіңісіп қалыптасып, орыс тілінің фонетикалық заңдары мен нормаларына сәйкес едәуір өзгеріске ұшырап отырған.

Орыс тілінің элементтері қазақ тіліне еніп, қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық нормаларына сәйкес өз тұлғасын өзгертіп жіберген. Әсіресе, қазақ даласына жана әкімшілік жүйесінің орнауына, орыс әскерінің келуіне, екі ел арасындағы әлеуметтік – экономикалық байланыстардың тереңдей түсуіне байланысты орыс тілінің элементтері қазақ тіліне көбірек енді. Оның айғақтарын көптеген сөздерден көруімізге болады. Мысалы:

1. Сиязға атын салады.

Сиязга – съезде

2. Халықтың қанын сорады-ау бұлар дағы

Піркешік сұлу ат пен әсем киім.

Піркешік – приказчик

3. Арманда кеттің көкежан

Шашабай қойып сақтанбай.

Шашабай – часовой, сақшы деген мағыналарды береді.

II. Жыраулар поэзиясы – қазақ әдебиеті тарихының негізгі арнасы.

2.1. Жыраулар поэзиясындағы (Ақтамберді, Қазтуған, Доспамбет, Жиенбет, Үмбетей, Шалкиіз) көнерген сөздердің мағыналары.

Қазақ әдебиеті тарихының негізгі арнасы ақын-жыраулар мұралары, Әдебиетіміздің қалыптасуы мен дамуына басты ықпалды арнасын құраған жыраулардың шығармалары «Жыраулар поэзиясы» деген ұғыммен жалғасын тауып келеді. «Жырау» деп тану үшін ол адамның бойынан мынандай бірнеше өнер жиынтығын – синкретизмді көруіміз керек. Айтқыштық, дарынды импровизаторлық сөз шебері, домбырашы, кобызшы, заман ел туралы терең толғайтын, тебіреністе жүретін ойлы азамат болуы шарт.

Жыраулар поэзиясы сөз болса, Сыр елінің өзіндік ерекшелігімен танылатын «Сыр сүлейлері» деп аталатын топ қазақ әдебиетіндегі шығыстық сарын көркемдігі жоғары, күрделі де қайталанбас мол мұра қалдырып үлгерді. «Сүлей» сөзі арабтың «салауи» сөзінен шыкса керек. Ол орысша «природный оратор» мағынасын білдірсе, қазақша «тума талант» не «шешен» мағынасын білдіреді. «Сүлей» деп тек Сыр бойы шығармашылық тобының табылуы, олардың мұраларының мазмұнында жатыр деп айтуға толық негіз бар. Олар Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939), Шораяқтың Омары (1878-1924), Керейт Данмұрат (1870-1923), Қарасақал Ерімбет (1844-1916), Кете Жүсіп Ешниязов (1871-1927),

Қаңлы Жүсіп Қыдырбергенұлы (1873-1923), т.б. Сыр сұлейлерінің шығармашылығы дәлел.

Жыршы – ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы, батырлық тарихи ғашықтық жырларда айтып тартушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп не суырып салып шығарып та айтқан. Бұл жағынан карағанда жыршының тұлғасы екі түрлі. Біреулерінде қандай да болған қоғамдық-тарихи оқиғаны жырлап айту, суырып салып өлең шығару қабілеті айқан көрінсе, ал басқаларда шығарылған жырды жаттап, өзінше өзгертіп, өңдеп айту, орындаушылық шебері басым болған. ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген, елдің әлеуметтік тіршілігі мен халықтың арман-мұратын жырлаған Асан Қайғы (ХҮғ.), Қызтуған (ХҮғ.), Доспамбет (ХҮІғ.), Шалқияз (1465-1560), Жиембет (ХҮІІғ.), Ақтамберді (1675-1768), Үмбетей (1706-1778) жырау шығармалары бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің алтын қорына айналып отыр. Осы аталған жыраулардың шығармаларында кездесетін көнерген сөздердің мән-мағынасын анықтау да бүгінгі заман талабы.

Асан қайғы

1. Оймауыттай тоғай егіннің

Ойына келген асын жейтұғын

Оймауыттай- шағын, кішкене.

2. Еділ деген қиянға

Еңкейіп келдің тар жерге

Қиянға – алысқа.

3. Мұнда кеңес қылмадың

Кенестің түбі **нараду**

Нараду – бытыраңқы деген мағына

4. Алдыңа келіп қалған соң,

Қол қусырып барған соң.

Аса кеш те қоя бер

Қол қусырып – кешірім сұрап.

Аса – өте, сонша, ерекше, тым.

5. Қатын алдың қарадан,

Айырылдың хандық **жорадан**.

Жорадан – әдеттен, гұрыптан, салттан.

6. Бұл заманда не ғаріп?

Ақ қалалы боз **ғаріп**.

Ғаріп – тәуелді болу.

7. Адам **әзіз** айтар деп

Көңіліңді салмағын,

Нәпсі алдаушы дұшпаның

Насихтын алмағын.

Әзіз – қымбатты, ардақты, газиз

Нәпсі – арамтамақ, айлакер

Насихат – үгіт, насихат

8. **Жіміле** ғаламға күлкі етер.

Жіміле – күллі, барлық, бүкіл.

9. Түлкідей құйрық тастаған

Жаман **фиғылының** жетер басың-ай,

Фиғыл – пейіл, ниет.

Жиёмбет жырау

1. Жаудан аяй көрмеңіз

Ғазрейіл тура келмей жан алмас

Ғазрейіл – әзрейіл, жан алғыш періште

2. Қоштасуға аял жоқ,

Қалқаман, Шолан, ерлерім

Аял – кідіріс, дамыл, тоқтам.

Үмбетей жырау

1. Жылқыларын дойырлап,

Жылқыларын **сойылдап**.

Дойылдап – қамшымен сабау,

Сойылдап – қол шоқпармен ұру.

Қызтуған жырау

1. Бұдырайған екі шекелі

Мұздай үлкен **көбелі**.

Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,

Адырнасы шайы жібек оққа кірісті.

Көбелі – мықты, берік

Адырна – садақтың кермесі, иіп тартқан қайыс.

2. Мұсылман мән **кәуірдің**

Арасын өтіп бұзып дінді ашқан.

Кәуір – жау, дұшпан.

3. Бақасы мен шаяны

Кежідегі адамға

Түн ұйқысын таптырмас.

Кежі – қиқар, қыңыр, қырсық, қасарыспа.

4. Буыршынның бұта шайнар азуы,

Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.

Бидайық – бқл жерде құстың аты.

5. Белгілі биік көк **сеңгір**

Басынан қарға ұштырмас

Сеңгір – биік.

6. **Ботташығы** бұзаудай,

Боз сазаны тоқтыдай

Ботташық – шытырма гүлдер тұқымдасына жататын тамыры сәбізге ұқсас, көпжылдық шөптесін өсімдік.

Доспамбет жырау

1. Кілең бұздай **кілмейтін**,

Көбелер киген өкінбес.

Кілмейтін – сақадай сай, қақитып.

2. Үйде қалған арудың

Ал **иіндігін** аударып.

Иіндік – назарын, көңілін аулау.

3. Қоғалы көлдер, **қом** сулар
Қоныстар қонған өкінбес
Құрама **шапшақ** көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес.
Қом – мол, көп.
Шапшақ – сұйық заттың сыртқа атылып шығуы.
4. **Сақ** етер тиді саныма
Сақсырым толды қаныма.
Сақ етер – жебе, садақтың оғы.
Сақсыр – иленген теріден тігілген шалбар.
5. Кейінгі қалған **көпекке**
Қалайша белін шешті екен.
Көпек – кішкентай, ұсқынсыз, тапал.
6. **Күдеріден** бау тағып,
Күреуке киер күн қайда,
Күдері – әбден иі қанып, жұмсартылған тері.
Күреуке – батырлар жаугершілікте киетін темір сауыт.
7. Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім өкінбен!
Шаһид – дәурен сүру.

Шалкиіз жырау

1. **Алаштан** байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мәнбен-ді
Алаш – ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы «қазақ» деуден бұрынғы жалпы аты.
Арабы – араб тұқымдас жылқы.
2. Ерлердің **алдаспаннан** игі қолы болар ма
Алдаспан – имек қылыш.

Қорытынды

«Жыраулардың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұны, көптің жайы туралы айтылады», - деп ұлы жазушы М.О.Әуезов нақты жеткізді. Елдің басына түскен қиын-қыстау заманның зарын жырлаған, мұңлы, шерлі көңілдерді жұбатқан, тіршілік етуге жігерлендірген, қуаныштарға өнерімен атсалысқан жыраулар қай ғасырда болмасын ұрпақтардың жан әлемінің рухани серігі болған. Шығармашылығымен, әлеуметтік қызметімен атсалысқан жыраулар поэзиясы заман өзгеріп, жыл өткен сайын әр қырынан ашылып, жан – жакты зерттеуді талап етті. Сондықтан жүйрік уақытпен жарысып, күн сайын өсіп-өркендеген заманда, тілімізге жаңа сөздер еніп, лексикамыз байыған кезеңде, біздерге әдебиетіміз бен тіліміздің терең қойнауына сүңгіп, көнерген, байырғы інжу-маржандарды зерттеп тауып, қайта жарқыратуға тура келеді. Бұл – біздің бабалар алдындағы парызымыз. Сондықтанда мен «Жыраулар поэзиясындағы көнерген сөздерді» елеп-екшеп, зерттеуді мақсат етіп қойдым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Ақшолақов, Жұмажанова, С.Қалиев, С.Дүйсебаев «Қазақ әдебиті» 9 – сынып оқулығы, «Мектеп» баспасы, 2005 жыл.
2. Қ.Өмірәлиев «ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976 жыл, Алматы.
3. «ХІХ ғасыр қазақ поэзиясы» Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1985 жыл, Алматы.
4. «Жыраулар поэзиясындағы көнерген сөздер» «Хабаршы» журналы, 2006 жыл, наурыз.
5. «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» «Ғылым» баспасы, 1981 жыл, Алматы.
6. М.Дабылұлы «Молдахмет жырау»
7. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» «Ленин жолы» газеті, 1991 жыл, 20 ақпан.
8. «Жыры бар елдің – жүрегінде нұры бар» «Сыр бойы» 2001 жыл, 25 тамыз.
9. Әлімбай Әлиасқаров «Тұрмағамбет жыраудың сөзі» «Жұлдыз» журналы, 1991жыл, №12
10. «Жыраулар поэзиясы – ел қазынасы» «Қазақ тілі мен әдебиеті» газеті, 1999 жыл, №12
11. «Жыраулар мектебі» «Қазақстан мектебі» журнал, 1995 жыл, 29-37 бет
12. А.Алматовпен сұқбат «Жыраулық - дәстүрдің төл баласы» «Жас Алаш» газеті, 2001 жыл, 6 қыркүйек.
13. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі, 2008 жыл